



otpannews.kz

1973 ЖЫЛДЫҢ 13 СӘУІРІНЕН ШЫҒА БАСТАДЫ

МАҢҒЫСТАУ

Kaspi Bank
арқылы жазылу

№85 (10485) 30 ҚАЗАН, БЕЙСЕНБІ, 2025 ЖЫЛ

ОБЛАСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

ЭТНОМЕДИАЦИЯ – БІРЛІКТІҢ БІРЕГЕЙ ҚҰРАЛЫ

МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫ МҮШЕЛЕРІ МЕН ЭТНОМЕДИАТОРЛАРДАН ҚҰРАЛҒАН ДЕЛЕГАЦИЯ 2025 ЖЫЛДЫҢ 13–15 ҚАЗАН АРАЛЫҒЫНДА ӘЗІРБАЙЖАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БАКУ ҚАЛАСЫНА РЕСМИ САПАРМЕН БАРҒАН ЕДІ.

Сапардың басты мақсаты – түркі халықтары арасындағы мәдени және рухани байланысты дамыту, этномедияция институтын жетілдіру және қоғамдық келісім саласындағы озық тәжірибемен алмасу. Үш күнге созылған сапарда тараптар бірқатар ресми кездесулер өткізіп, этномедияцияны дамытудағы тәжірибелермен бөлісті.



» 2

ЕҢБЕК НАРЫҒЫН РЕТТЕУ – БАСЫМ БАҒЫТТАРДЫҢ БІРІ

МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІ НҮРДӘУЛЕТ ҚИЛЫБАЙ ЖҰМЫС САПАРЫМЕН МАҢҒЫСТАУ АУДАНЫНА БАРЫП, ӨНІРДЕ ҚЫЗМЕТ ЕТІП ЖАТҚАН ІРІ ӨНДІРІСТІК КӘСІПОРЫНДАРДЫҢ ӨКІЛДЕРІ ЖӘНЕ АУДАННЫҢ ЖҰМЫССЫЗ АЗАМАТТАРЫ МЕН КЕЗДЕСТІ.



Бұл бас қосу бұған дейін аудан тұрғындарымен өткен жылдан бері бірнеше рет жасалған. Сол жылы Нұрдаулет Қилыбай аудандық жұмыспен қамту мәселесін шешу мақсатында жұмыс беруші компаниялармен жеке кездесу ұйымдастырылатынын айтқан еді.

Жылдың барысында өңір экономикасының дамуына үлес қосып отырған кәсіпорындардың өз өндіріс орындарындағы бос жұмыс орындары туралы баяндап, жыл соңына дейін жоспарланған жаңа жұмыс орындары жөнінде мәлімет берді.

Облыс әкімі Нұрдаулет Қилы-

бай еңбек нарығындағы ашықтық пен әділдіктің маңызына тоқталды. Оның айтуынша, жұмыс берушілер мен жұмыс іздеушілер арасындағы байланысты күшейту – аудандағы әлеуметтік тұрақтылықтың негізгі кепілі.

– Бұл – ауданда осы бағытта ұйымдастырылған алғашқы кездесу. Келесі жылдан бастап ірі кәсіпорындар мен оларға қызмет көрсететін мердігер ұйымдар босаған жұмыс орындары туралы мәліметті аудан әкімдігіне тұрақты түрде ұсынуы қажет. Ал аудан әкімдігі тұрғындармен бірлесіп отырып, бос орындарды ашық әрі әділ түрде бөлуді қамтамасыз етуі тиіс, – деді облыс әкімі.

Кездесуге қатысқан азаматтар өз ойларын ортаға салып, түрлі ұсыныстар айтты. Әкім олардың сұрақтарына жауап беріп, нақты тапсырмалар жүктелді.

Айта кететін, облыс әкімінің тапсырмасына сәйкес алдағы уақытта өңірдің барлық ауданында ірі өндірістік кәсіпорындардың басшыларымен осындай кездесулер өткізу жоспарланып отыр. Мұндағы мақсат – жергілікті тұрғындарды тұрақты жұмыспен қамту, еңбек ресурстарын тиімді пайдалану және аймақ экономикасының дамуына жаңа серпін беру.

«Мәңгітау» ақпарат.

Ақыл-ой додасында - «АДАЛ ҚОҒАМ»

АҚТАУДА 25 ҚАЗАН - РЕСПУБЛИКА КҮНІНЕ ОРАЙ МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ДАМУ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ТАПСЫРЫСЫ АЯСЫНДА «АДАЛ ҚОҒАМ» АТТЫ ЗИЯТКЕРЛІК «QUIZ» САЙЫСЫ ӨТТІ.

Зияткерлік сайыс облыстық, қалалық және аудандық мемлекеттік мекемелердің қызметкерлері арасында ұйымдастырылып, қатысушылардың ой-өріс, білімін жетілдіріп, бос уақытын тиімді өткізуге бағытталды. Жарыста мемлекеттік мекемелердің қызметкерлерінен құралған 15 топ 7 кезең бойынша бақ сынады.

– Жобаның басты мақсаты – сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және азаматтық жауапкершілікті арттыру. Мемлекеттік қызметшілердің адалдық, ашықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл қағидалары жөніндегі білімін арттыру мақсатында бүгін мемлекеттік қызметшілер арасында интеллектуалды «Quiz» ойынын өткізіп отырмыз. Бұл – жай ғана сайыс емес, шапшаң ойлау мен тапқырлыққа шындайтын байға, – деді «GUMOI» әлеуметтік-инновациялық орталығының жоба үйлестірушісі Лаура Сәрсенбаева.

Аталған формат сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың құқықтық нормаларын ойын түрінде зерделеуге мүмкіндік берді. Тапқырлардан құралған топтар зияткерлік сайыс барысында мол мағлұматқа қанығып, уақытты қызықты өткенін айтты. Сонымен қатар аталған жоба аясында оқу тренінгі және ақпараттық акцияларды ұйымдастыру жоспарланған.

Сайыс қорытындысы бойынша 1-орынды Өмірзақ ауылы әкімінің аппараты, 2-орынды Мұнайлы аудандық ішкі саясат бөлімі, 3-орынды Бейнеу ауданы әкімінің аппараты иеленді.

Өз тілшіміз.

* БҮГІНГІ САНДА

ДІМКӘС ЖАНДАР НЕГЕ ДӘРІСІЗ?

ДЕНСАУЛЫҚ СЫР БЕРІП, ДЕРТ МЕНДЕСЕ ДӘРІГЕРЛЕРДЕН БҮРҮН ДӘРІГЕ ЖҮГІНЕСІҢ. ДЕРТКЕ ДАУА – ДӘРІ-ДӘРМЕК МЕМЛЕКЕТ ТАРАПЫНАН ХАЛЫҚТЫҢ ДЕНСАУЛЫҒЫН ҚОРҒАУ, САҚТАУ МАҚСАТЫНДА ТЕГІН ТАРАТЫЛАДЫ.

» 6



ЖЫҢҒЫЛДЫ АУЫЛЫНА – 95 ЖЫЛ

ЖЫҢҒЫЛДЫ – ШЕЖІРЕСІ ТЕРЕҢДЕ ЖАТҚАН, ТАРИХЫ МЕН ТАҒЫЛЫМЫ МОЛ, ТАЛАЙ ТҮЛҒАНЫ ТҮЛЕТКЕН КИЕЛІ МЕКЕН. ІРГЕСІ ӨТКЕН ҒАСЫРДЫҢ 30-ШЫ ЖЫЛДАРЫ ҚАЛАНҒАН АУЫЛҒА БИЫЛ – 95 ЖЫЛ.

» 12

ВАЛЮТА БАҒАМЫ

(USD) АҚШ доллары	528.60
(EUR) Еуро	614.38
(RUB) Ресей рублі	6.90

АУА РАЙЫ

	ТҮН	КҮН
Ақтау	+14	+16
Жаңаөзен	+14	+13
Форт-Шевченко	+15	+13

ЖАТТЫҒУ ЗАЛЫ – САЛАУАТТЫ ӨМІРДІҢ НЕГІЗІ

БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ПӘНІНІҢ МАҢЫЗЫ ЗОР. ОҚУШЫЛАРДА ҚОЗҒАЛЫС ДАҒДЫЛАРЫНЫҢ ДАМУЫ ОЛАРДЫҢ ТӨЗІМДІЛІГІН, ШИРАҚТЫҒЫ МЕН ЕПТІЛІГІН, КҮШ-ЖІГЕРІ МЕН ИКЕМДІЛІГІН АРТТЫРУҒА ОҢ ҮҚПАЛ ЕТЕДІ. ДЕНЕ БЕЛСЕНДІЛІГІН ДАМУҒА ЖЕКЕ ТҮЛҒАНЫ ТӘРБИЕЛЕУДЕ, СОНДАЙ-АҚ ӘЛЕУМЕТТІК, РУХАНИ ЖӘНЕ ДЕРБЕС ҚАСИЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ҮЛКЕН РӨЛ ОЙНАЙДЫ. ҮНЕМІ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУМЕН ШҰҒЫЛДАНУ БАЛАНЫ СЫРҚАТТАНУДАН САҚТАЙДЫ. ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ПӘНІНІҢ МҰҒАЛІМІ ОҚУШЫЛАРЫМЕН СПОРТТЫҚ-БҰҚАРАЛЫҚ ЖӘНЕ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ-САУЫҚТЫРУ ЖҰМЫСТАРЫН ЖҮРГІЗЕДІ. ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ МҰҒАЛІМІ САБАҚТАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІН ЖӘНЕ САНИТАРЛЫҚ-ГИГИЕНАЛЫҚ НОРМАЛАРДЫҢ САҚТАЛУЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕДІ, БҰҚАРАЛЫҚ СПОРТТЫҚ-САУЫҚТЫРУ ШАРАЛАРЫН ӨТКІЗЕДІ, НОРМАТИВТЕРДІҢ ТАПСЫРЫЛУЫН ҰЙЫМДАСТЫРАДЫ.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев спорт индустриясы үшін басым міндеттердің бірі – бұқаралық спортты дамыту екендігіне назар аударған болатын. Ол үшін мектептерде спорттық алаңдарды жабдықтау – талапқа сәйкес болуы маңызды. Осы тұста Мұнайлы аудандық №1 жалпы білім беретін мектепке спорт мектебі мен спорттық құрал-жабдықтармен қамтылған спорт кешенінің қажеттілігі туындап отырғанын айтып өткен жөн. Мектептегі спортты дамыту жұмысын алдымен осы мәселені шешуден бастау керек.

Бүгінде салауатты өмір салтын қалыптастыру – жас ұрпақ

тәрбиесіндегі ең өзекті мәселелердің бірі. Балалардың денсаулығын нығайтып, бос уақыттарын тиімді өткізу үшін мектептерде спорттық инфрақұрылымның болуы қажет.

Мұнайлы №1 жалпы білім беретін мектепте оқушылардың дене тәрбиесіне деген қызығушылығы жоғары болғанымен, спорт мектебі мен толық жабдықталған спорт кешенінің жоқтығы қиындықтар туыдырып отыр. Қазіргі спорт залының көлемі кішкентай, ал құрал-жабдықтар ескірген және толық емес.

Егер мектеп жанынан заман талабына сай спорт кешені мен балаларға арналған спорт мектебі ашылса, бұл аудан жастарының спортқа деген ынтасын арттырып, түрлі жарыстарға

қатысуына жол ашар еді. Сонымен қатар спорт – тәртіп пен табандылыққа тәрбиелейтін маңызды құрал, сондықтан мұндай мүмкіндік оқушылардың жан-жақты дамуына үлкен септігін тигізеді.

Сондықтан ата-аналар мен мектеп ұжымы Мұнайлы ауданының әкімдігі мен тиісті мекемелерден оқушыларға арналған спорт мектебін және заманауи спорттық құралдармен жабдықталған спорт кешенін салуды сұрайды. Бұл – болашақ дені сау, белсенді ұрпақтың кепілі.

Сымбат КЕМАЛОВА,

Мұнайлы ауданы бойынша білім бөлімінің №1 жалпы білім беретін мектебінің модераторы.

2026 ЖЫЛҒА «МАҢҒЫСТАУ-МЕДИА» БАСЫЛЫМДАРЫНА ЖАЗЫЛУ НАУҚАНЫ ЖҮРІП ЖАТЫР



«Халық» және «Каспий» қосымшасы арқылы онлайн жазылуға болады

«МАҢҒЫСТАУ» газетіне жазылу

Заңды тұлғаларға 1 жылға
Редакция арқылы 16 370,00 теңге
Қазпошта арқылы 25 881,96 теңге
Индекс 15492

Жеке тұлғаларға 1 жылға
Редакция арқылы 8 185,00 теңге
Қазпошта арқылы 12 947,52 теңге
Индекс 65492

ТУҒАН ЖЕРДІҢ ТЫНЫСЫ – «МАҢҒЫСТАУ» ГАЗЕТІНДЕ!



"МАҢҒЫСТАУ МЕДИА" ЖШС
ЖАРНАМА БӨЛІМІ



8 7292 20 48 42 | жұмыс уақытында



8 778 145 90 93 | тәулік бойы қосулы



MAŃGYSTAŭ
MEDIA

Маңғыстау облысы тұрғындарының назарына!

Маңғыстау облыстық мәслихаттың кәсіпкерлік, аграрлық сала, жер қатынастары және табиғатты пайдалану мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы 2025 жылдың 1 желтоқсан күні сағат 15:00 де «Жем-шөп 2025-2026 жылдары қыс мезгіліне дайындық» тақырыбына көпшілік тыңдау өтетіні туралы хабарлайды.

Отырыстың өтетін жері: Ақтау қаласы, Қабіболла Сыдықов атындағы Маңғыстау облыстық әмбебап кітапханасы.

Комиссия төрағасы

М.Раханов

ЖАРИЯ ТЫҢДАУ

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Маңғыстау облысы бойынша департаменті, «Каспий» су тұтыну зауыты ЖШС-ның суды таратушы желілері арқылы беру реттеліп көрсетілетін қызметіне тарифтерді және тарифтік сметасын 2026-2030 жылдарға бекіту бойынша келіп түскен өтінімі бойынша жария тыңдау өткізеді.

Жария тыңдау тарифті бекітуге немесе өзгертуге өтінімді қарау кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген міндетті рәсім болып табылады.

Оларды өткізу ашықтықты қамтамасыз етуге, тұтынушылардың пікірлерін ескеруге және тарифтерді бекіту кезінде әділеттілік қағидаттарын сақтауға бағытталған.

Жария тыңдау 2025 жылғы 28 қараша сағат 15.00-де Ақтау қаласы, №4 өндірістік аймақ, №74 ғимаратта өтеді.

Сонымен бірге жария тыңдау параллельді түрде онлайн режимде Facebook әлеуметтік желісіндегі департаменттің ресми параграфында көрсетілетін болады (<https://www.facebook.com/profile.php?id=100051930454400>).

Департамент мәслихаттардың депутаттарын, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, мемлекеттік органдардың, тұтынушылар мен олардың қоғамдық бірлестіктерінің өкілдерін, тәуелсіз сарапшыларды, бұқаралық ақпарат құралдарын және өзге де мүдделі тұлғаларды жария тыңдауға қатысуға шақырады.

Сонымен қатар Үкіметтің тарифтердің өсуін төкеу жөніндегі жұмысы аясында 2026 жылдың бірінші тоқсанының соңына дейін халық үшін табиғи монополия субъектілерінің қызметтері бойынша тарифтердің көтерілуі жоспарланбады.

Департаменттің байланыс телефондары: 8(7292) 42-16-20, 43-84-11.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«West Dala» «Вест Дала» ЖШС қоршаған ортаны қорғау бөлімі шекті рұқсат өтетін шығарындылар, қалдықтарды басқару бағдарламасы, өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы және табиғатты қорғау іс-шараларының 2026–2030 жылдарға арналған Өзен радиоактивті қалдықтарды кешенді басқару алаңын (МҚКБ) салу және пайдалану жоспар жобалары бойынша қоғамдық тыңдаулар өтетінін хабарлайды.

1) N43°28'55" E52°51'31" 2) N43°28'52" E52°51'31" 3) N43°28'53" E52°51'36" 4) N43°28'51" E52°51'36" 5) N43°28'51" E52°51'31" 6) N43°28'42" E52°51'33" 7) N43°28'41" E52°51'24" 8) N43°28'45" E52°51'23"

Өсер ету аумағы: Қарақия ауданы, Бостан ауылдық округі, Бостан ауылы, N43°27'24.7578" E53°01'07.9486"

Қоғамдық тыңдаулар 2025 жылғы 4 желтоқсан сағат 11.00-де, Маңғыстау облысы, Қарақия ауданы, Бостан ауылдық округі, Бостан ауылы мәдениет үйінің конференц-залында өтеді.

ТЖ және карантин режимі енгізілген жағдайда Teams платформасы арқылы ашық тыңдаулар өтеді: <https://teams.microsoft.com/join/3810716512903?p=PH5KQczkHVVWx3ZyULR>

Конференция идентификаторы: 381 071 651 290 3

Кіру коды: yv2uC3d9

Бастамашының мәліметтері мен байланыс деректері: «West Dala» «Вест Дала» ЖШС, БСН: 050 740 001 755, Мекенжайы: Атырау облысы, Атырау қаласы, С.Балғымбаев көшесі – 75. Тел/Факс: +7 (7122) 309 009 E-mail: westdala@westdala.kz.

Жоба әзірлеушісінің мәліметтері мен байланыс деректері: «ЖК Мусаева Е.В.», ИИН: 780910400627, Мекен-жайы: Атырау қ., Жерұйық к. – 8, 3-үй. Тел: +77784060670

Қоғамдық тыңдаулар материалдарымен қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкінің сайтында <https://ndb.ecology.gov.kz> және «Маңғыстау облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco> танысуға болады.

Жоба бойынша қосымша ақпаратты 7 (7122) 309 009, ішкі номер: 4344 тел арқылы сұратуға болады, ainagul.naurzbaeva@westdala.kz.

Ескертулер мен ұсыныстар Ұлттық деректер банкінің сайтында, сондай-ақ «Маңғыстау облысының әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ-де қоғамдық тыңдаулар өткізу басталғанға дейін үш жұмыс күнінен кешіктірмей мына мекен-жай бойынша қабылданады: Ақтау қ., 14-шағын аудан, 1240-кеңсе, 2-қабат; s.bazarbay@mangystau.gov.kz

Уразбекова Амангүлдің қайтыс болуына байланысты және мұралық іс ашылуына байланысты оның мұрагерлерін іздейміз. Хабарландыру жарияланған күннен бастап бір айдың ішінде мына мекен-жай бойынша нотариуске хабарласуын сұраймыз:

Ақтау қаласы, 32 «А» ш/а, №6 үйде орналасқан
нотариус Г.К. Ауесканова

Бұл бос орын сіздің
ЖАРНАМАҢЫЗҒА
арналған

ТЕЛЕФОН: 20-48-42